

Теңіз кемелерін техникалық қадағалау мен куәландыру және оларды сыныптау ережесін бекіту

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 тамыздағы N 829 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 ақпандағы № 155 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.02.2013 № 155 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 15-бабы 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Теңіз кемелерін техникалық қадағалау мен куәландыру және оларды сыныптау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 1 т а м ы з д а ғ ы
N 8 2 9 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Теңіз кемелерін техникалық қадағалау мен куәландыру және оларды сыныптау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Теңіз кемелерін техникалық қадағалау мен куәландыру және оларды сыныптау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді ж ә н е :

- 1) теңіз кемелерін техникалық қадағалау мен куәландыру тәртібін;
- 2) теңіз кемелерін сыныптау тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереженің әрекеті Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштері мен шекара қызметінің теңіз бөлімдері туын көтеріп жүзетін теңіз кемелеріне қолданылмайды.

2. Теңіз кемелерін техникалық қадағалау мен куәландыру тәртібі

3. Техникалық қадағалау - бұл уәкілетті органның теңіз кемелеріне арналған техникалық құжаттардың болуын әрі мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкестігін тексеруден тұратын қызметі.

4. Техникалық құжаттар - теңіз кемелерін куәландыру нәтижелері бойынша уәкілетті орган беретін теңіз кемелеріне арналған куәліктер, куәландыру актілері.

5. Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары мен ұйымдарының теңіз кемелерін техникалық қадағалауына жол берілмейді.

6. Теңіз кемесінің мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкестігін растайтын техникалық құжаттар, онда түпнұсқаларында немесе нотариалды расталған көшірмелері түрінде болады.

7. Арнайы аспаптар мен құралдарды қолдану жолымен теңіз кемесінің мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкестігін тексеру куәландыру болып табылады.

8. Теңіз кемесін куәландыруды уәкілетті орган кеме иесінің өтінімі бойынша жүргізеді.

8-1. Халықаралық жүзуді жүзеге асыратын теңіз кемесін куәландыруды уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі таныған сыныптау қоғамы жүргізеді.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.10. N 690 Қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасы қосылған халықаралық конвенциялар мен келісімдердің талаптарына сәйкес теңіз кемесі бастапқы, кезеңдік куәландыруларға және қажеттілігіне қарай қосымша куәландыруға жатады.

10. Бастапқы куәландыру теңіз кемесін жасағаннан кейін жүргізіледі.

Бастапқы куәландыру теңіз кемесінің конструкциясын, тетіктерін, жабдықтарын, жабдықталуын және су асты бөлігін тексеруді, оның ішінде олардың мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкестігін растау мақсатында оларды сынауды қамтиды.

11. Теңіз кемелері Қазақстан Республикасы қосылған халықаралық конвенциялар мен келісімдерде көзделген мерзімдерде мерзімдік куәландыруға

ж а т а д ы .

Мерзімдік куәландыру теңіз кемесінің конструкциясын, тетіктерін, жабдықтарын, жабдыкталуын және су асты бөлігін тексеруді, олардың қанағаттанарлық жай-күйде екендігін әрі мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкестігін растау мақсатында тексеруді білдіреді.

12. Қосымша куәландыруға авариялық жағдайдан, жөндеуден немесе қалпына келтіру жұмыстарынан кейінгі, сондай-ақ мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін теңіз кемелері жатады.

Авариялық жағдайдан кейінгі қосымша куәландыру теңіз кемесі тұрған портта немесе ол авариялық жағдайдан кейін кіретін алғашқы портта жүргізіледі.

Жөндеуден немесе қалпына келтіру жұмыстарынан кейінгі қосымша куәландыру жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес сапалы жүргізілгенін растау мақсатында жүргізіледі.

3. Теңіз кемелерін сыныптау тәртібі

13. Сыныптау уәкілетті органның теңіз кемесіне сынып беру бойынша жүзеге асыратын қызметі болып табылады, оның болуы теңіз кемесін теңізде пайдалануға жол береді.

14. Теңіз кемесін сыныптауды уәкілетті орган кеме иесінің өтінімі бойынша жүргізеді.

15. Теңіз кемесін сыныптауды уәкілетті орган бастапқы куәландыру нәтижелері бойынша жүргізеді.

15-1. Халықаралық жүзуді жүзеге асыратын теңіз кемесін сыныптауды уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі таныған сыныптау қоғамы жүргізеді.

Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.10. N 690 Қаулысымен.

16. Теңіз кемесіне сынып беру теңіз кемесі конструкциясының халықаралық талаптарға, ал оның техникалық жай-күйі - теңіз кемесін пайдалану шарттарына сәйкестігін растауды білдіреді.

Ескерту. 16-тармақ жвңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.08.10. N 690 Қаулысымен.

17. Теңіз кемесіне сынып беру теңіз кемесі сыныбының формуласы көрсетіле отырып сыныптау куәлігін берумен расталады.

18. Теңіз кемесі сыныбының формуласындағы негізгі нышан теңіз кемесінің конструкциясын айқындайтын "Т" (теңіз) әріптік белгілеуі болып табылады.

"Т" сыныбының негізгі нышаны бар теңіз кемелері толқын биіктігі төрт метр және одан асқан кезде теңізде жүзуге арналады.

19. Сыныптың негізгі нышаны, олардың қадағалауымен теңіз кемелерін жасау жүзеге асырылған сыныптау қоғамдары мен өзге де ұйымдарды ескере отырып, сынып формуласына кіретін мынадай белгілермен толықтырылады:

1) "К" - уәкілетті органның техникалық қадағалауымен жасалған теңіз кемелері үшін ;

2) "*К" - сыныптау қоғамдарының және өзге ұйымдардың қадағалауымен жасалған теңіз кемелері үшін.

20. Егер теңіз кемесінің конструкциясы халықаралық талаптарға, ал оның техникалық жай-күйі - теңіз кемесін пайдалану шарттарына сәйкес келмеген жағдайда осы теңіз кемесіне сынып берілмейді.

Ескерту. 20-тармақ жвңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.08.10. N 690 Қаулысымен.

21. Теңіз кемесінің сыныбы кеменің опат болуына немесе оның есептен шығарылуына байланысты күшін жояды.